

Меншік және шаруашылықты жүргізудің түрлі нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және оларды қолдану жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 19 мамырда N 769 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 37-ө бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасын жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық кесімдерінің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік

қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 а қ п а н д а ғ ы

N 37-ө бұйрығымен бекітілді

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық кесімдерінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі

8. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Меншік және шаруашылықты жүргізудің түрлі нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және оларды қолдану жөніндегі ережені бекіту туралы" 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 9 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 769 нөмірімен тіркелген) бұйрығы...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы "Заң актілерін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыстар туралы" N 64 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеге сәйкес Бұйырамын:

1. Меншік және шаруашылықты жүргізудің түрлі нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсаттарды рәсімдеу және оларды қолдану жөніндегі ұсынылып отырған ереже бекітілсін.

2. Салалық министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық атқарушы органдарға осы Ереже негізінде қажеттілігіне қарай салалардың нақты жағдайлары мен ерекшеліктерін ескере отырып, қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсаттарды рәсімдеу және оларды қолдану жөніндегі салалық ережені әзірлеп, алдын ала Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісе отырып күшіне е н г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бастықтары осы ережені жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдарына жеткізуді, сондай-ақ оның орындалуын бақылауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Еңбекті қорғау басқармасы Меншік және шаруашылықты жүргізудің түрлі нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсаттарды рәсімдеу және оларды қолдану жөніндегі ережені Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Вопросы труда" бюллетенінде жариялауды ұйымдастырсын.

Министр

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
1998 ж. 4 қыркүйектегі
N 9 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Меншіктің және шаруашылық жүргізудің түрлі
нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары
жағдайларда жұмыс жүргізген кезде
наряд-рұқсаттарды қолдану туралы
Ереже**

1 тарау. Жалпы бөлім

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы аумағындағы меншіктің және шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарындағы ұйымдарда қауіптілігі жоғары жағдайларда атқарылатын жұмыстардың барлық түрлеріне (жөндеу, монтаж, бөлшектеу, құрылыс, қалпына келтіру және т.б.) қолданылады.

Осы Ереже салалық ережелерді олардың ерекшеліктерін ескере отырып

әзірлеу мен енгізуді жоққа шығармайды.

Наряд-рұқсат дегеніміз - бұл жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге ұйымның жазбаша жарлығы, онда барлық қажетті қауіпсіздік шаралары мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты адамдар көрсетіледі.

2. Аса қауіпті жұмыстарға орындалуы барысында жұмысшыларға аса қауіпті және өндірістік фактор туғызуы мүмкін жөндеу, монтаж, бөлшектеу, құрылыс, қалпына келтіру және басқа жұмыстардың барлық түрлері, сондай-ақ аса жоғары қауіптілігі бар (биіктіктегі, электр желілері маңайындағы, құдықтардағы, қысымы жоғары ыдыстармен жұмыстар), жұмыс орнының дайындығын талап ететін жұмыстар және соған байланысты өнеркәсіп қызметкерлерінің жарақат алуы (улануы) мүмкін болатын жұмыстар жатады.

3. Ұйымның қауіптілігі жоғары жұмыстарының тізбесі оның құрылымдық бөлімшелерінде жасалады, еңбек қорғау қызметімен келісіледі және оны ұйымның бірінші басшысы бекітеді.

Мамандандырылған және орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесі бар, мердігерлік және субмердігерлік ұйымдарда қауіптілігі жоғары жұмыстар тізбесін тапсырыс беруші және жұмыстарды орындаушы бірге жасайды және оны бірінші басшы бекітеді.

4. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды НД-1 нысаны (1 қосымша) бойынша наряд-рұқсаттар рәсімделгеннен кейін тапсыратын аумақтың және ондағы белгіленген жабдықтардың жоспары берілгесін кемінде екі жұмыскер жүргізеді.

5. Апатты жою кезіндегі жұмыстар наряд-рұқсат рәсімделмей-ақ ұйымның (кәсіпорынның) жауапты тұлғаларының қадағалауы және бақылауымен тікелей қауіп-қатер жойылғанша жүргізілуі мүмкін. Апат пен оның салдарын одан әрі жою бойынша жұмыстар наряд-рұқсат рәсімделгеннен кейін жүргізілуге тиіс.

6. Өндіріс учаскелері, технологиялық желілер немесе жеке тұрған жабдықтар, үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ ондағы жұмыстарды мердігерлік ұйымдардың күшімен орындау үшін бөлінген басқа да объектілер АД-1 нысаны (1 қосымша) бойынша соңғысына тапсырылады. Бұл жағдайда наряд-рұқсат беруді мердігерлік ұйым жүзеге асырады.

Егер қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген учаске арқылы қолданыстағы ток өткізгіш сымдары, газ құбырлары, немесе қолданыстағы басқа қатынас жолдары өтетін болса, онда объект мердігерлік ұйымға акт-рұқсат арқылы тапсырылмайды.

7. Ұйымда бау өткізілген, нөмірленген және мөрмен бекітілген наряд-рұқсаттарды беру есебін жүргізетін журнал болуға тиіс, онда наряд-рұқсаттың нөмірі, наряд-рұқсатты берген адамның аты-жөні мен лауазымы, ол берген жұмыстардың атауы, жұмыстарға алғаш жіберілу күні мен уақыты және олардың аяқталу уақыты тіркелуі тиіс.

Жабық рұқсат-нарядтар бір жыл бойы оларды берген ұйымда сақталады.

Орындау кезінде апат немесе жазатайым оқиға болған жұмыстардың наряд-рұқсаттары ұйым архивінде апат немесе жазатайым оқиғаны зерттеу материалдарымен бірге сақталуға тиіс.

8. Осы Ереже, оларды орындаған кезде еңбек қауіпсіздігі басқа нормативтік құжаттар мен (газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелері, электр қондырғыларды пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережелері, жарылу қауіптілігі бар және осыған ұқсас басқа да объектілерде отпен жұмыстар жүргізу кезіндегі қауіпсіздікті ұйымдастыру жөніндегі Үлгі нұсқаулық) реттелетін жұмыстарға қолданылмайды. Мұндай жұмыстардың тізбесі салалық ережелермен (экономикалық қызметтердің түрлерімен) анықталады.

2 тарау. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты адамдар мен олардың міндеттері

9. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды дұрыс ұйымдастыруға және қауіпсіз жүргізуге: наряд-рұқсат беретін лауазымды адамдар; жұмысқа кіргізуші, жұмыс жүргізуші; сондай-ақ тікелей жұмысты орындаушылар жауапты болып табылады.

10. Наряд-рұқсат беруге құқығы бар, инженерлік-техникалық қызметкерлер лауазымдарының тізбесін ұйымның бірінші басшысы бекітеді.

11. Наряд-рұқсат беруші лауазым иесі жұмысқа жіберетін адамды тағайындайды және наряд-рұқсатта көзделген қауіпсіздік шараларымен таныстырады, олардың орындалуын бақылауды жүргізеді.

12. Наряд-рұқсат беретін адам жұмыстың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етуге жауап береді, жұмысты басқарушы мен жұмыс жүргізушіні тағайындайды және нарядта көрсетілген қауіпсіздік шараларының дұрыстығына, сонымен бірге наряд-рұқсат бойынша өзі тағайындаған адамдар мен жарлық бойынша жұмыстарды орындаушылардың сапалық құрамына жауап береді.

13. Наряд-рұқсатпен жұмысқа жіберетін инженерлік-техникалық қызметкер
б о л у ы к е р е к .

14. Бірнеше сменамен жұмыс жүргізілгенде наряд-рұқсатының барлық қолданылу уақытына сменалар санына және шығу кестесіне сәйкес жұмысқа жіберетін жұмыс жүргізушінің бірнешеуі тағайындалады.

15. Наряд-рұқсат бойынша жұмысқа жіберуші еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі наряд-рұқсатта көрсетілген шаралардың орындалуына жауапты,
с о н ы ң і ш і н д е м ы н а л а р ү ш і н :

- объектіні бу, су, газ, электр және басқа қоректену көздерінен ажырату және оларды жерге қосып орнықтыру;

- құбырлардың барлық түріне тиекті арматураларды орнату, газ құбырлары

мен шаң құбырларын тазалау, құбырлар мен ыдыстарды үрлеу мен булау, жабдықтарды шаң мен кірден, мазуттан, қышқылдан тазарту, газ жүретін құбырлар мен аппаратураны үрлеу және желдету, басқа да дайындық жұмыстары ;

- Жұмыстар аймағын жұмыс істеп тұрған жабдықтар мен коммуникациялардан қоршаумен, тұйықтармен, қауіпсіздік белгілерімен, сигналдық құралдармен, плакаттармен және басқалармен бөлу.

16. Жұмысқа жіберуші, жұмысты орындауға рұқсат берер алдында, сондай-ақ наряд-рұқсатты ұзартқан кезде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін наряд-рұқсатта көрсетілген шаралардың орындалуын тексеруге, жұмыс жүргізушіге ұйымдағы тікелей жұмыс жүргізетін орындағы жұмыстың ерекшелігі туралы нұсқау беруге міндетті.

17. Кернеу қысымындағы электр жабдықтары, метал құю, жүк көтергіш машиналар мен механизмдер және басқа технологиялық процестер, тетіктер мен жабдықтар жұмыс істеп тұрған агрегаттар аймағында наряд-рұқсат бойынша жұмыс жүргізген кезде наряд-рұқсатты беретін адам бөлімшенің техникалық қызметкерлерінің инженерлік-техникалық қызметкерлері ішінен жұмыс жүргізу аймағында қауіп туған кезде наряд-рұқсат бойынша жұмыс істейтіндерді қауіпсіз жерге шығаруға және одан әрі жұмыс жүргізуге жіберуге жауапты адамды тағайындауға міндетті.

Жауапты адамның лауазымы мен аты-жөні наряд-рұқсаттың 9-тармағына енгізіледі.

18. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі наряд-рұқсатта немесе акт-рұқсатта көрсетілген шаралардың дұрыс және толық орындалуына тапсырыс беруші ұйым бөлімшелерінің қызметкерлері, ал орталықтан жөндеу мен қызмет жүйесі бар ұйымдарда - осы шараларды орындаған, техникалық қамтамасыз ету қызметінің қызметкерлері жауап береді.

19. Акт-рұқсат бойынша қабылданған объектілерде жұмыстар орындаған кезде наряд-рұқсатта көрсетілген еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың дұрыс және толық орындалуына, осы шараларды орындаған мердігерлік ұйымның қызметкерлері жауап береді.

20. Егер технологиялық қызметкерлердің алдын ала наряд-рұқсатпен жұмыс істейтіндігі ескертілген сменасы аяқталып, ал наряд-рұқсатпен жұмыс істейтіндерде - одан әрі жалғасса, онда жұмысқа жіберуші жұмысқа кіргізетін технологиялық қызметшілерді наряд-рұқсат бойынша жұмыс жүргізу туралы ескертуге және наряд-рұқсатты сменаның басшысымен келісуге тиіс.

21. Бір учаскеде бір сменада жұмыс жүргізуші екі бригада пайдаланса наряд-рұқсат беретін және жұмысқа жіберетін міндеттерді бір адам атқаруға рұқсат береді.

22. Жұмыс жүргізушілер болып білікті инженерлік-техникалық қызметкерлер немесе тізімге кіргізілген, жұмыс жүргізуге құқығы бар адамдар тағайындалады.

Кейбір жағдайларда, жұмыс бір бригадамен жасалғанда, бөлімше немесе мердігерлік ұйым басшысының шешімімен жұмыс жүргізуші болып, ұйым басшысы бекіткен бағдарлама бойынша арнаулы оқудан өткен, жөндеу, монтаж, бөлшектеу, құрылыс және қалпына келтіру жұмыстарын басқару құқығына куәлік алған бригадир тағайындалады, жұмыс орнында, жұмыс басталудың алдында желілік инженерлік-техникалық қызметкерлермен міндетті түрде еңбек қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулық өткізуге тиіс.

23. Смена санына қарамастан наряд-рұқсат күшінде болатын мерзімде, наряд-рұқсат бойынша жұмыс жүргізуші біреу болуға тиіс. Сменаны қабылдау мен тапсыру жұмыс орындарында жүргізіледі.

24. Жұмыс жүргізуші жұмыс басталар алдында бригадамен жұмыс орнындағы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқамалық өткізуге тиіс. Нұсқамалық наряд-рұқсаттың 10-тармағында жазумен рәсімделеді.

Бригада құрамы өзгергенде жұмыс жүргізуші бригадаға жаңадан енген жұмысшылармен нұсқамалық өткізуге міндетті.

25. Жұмыс жүргізуші еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалықтың толықтығына, қауіпсіздік шараларының сақталуына, арнаулы киім, аяқ киім және жеке қорғаныс құралдарының қолданылуына, еңбек қауіпсіздігі техникалық құралдарының, соның ішінде бақылау-өлшеу приборларының дұрыстығына жауапты.

26. Орындаушылар (бригада мүшелері) наряд-рұқсатпен көзделген еңбекті қорғау ережелері және техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары мен талаптарының сақталуына, жұмыс уақытында арнаулы киім, арнаулы аяқ киім мен жеке қорғану құралдарының дұрыс қолданылуына, сондай-ақ еңбек және өндіріс тәртібінің сақталуына жауап береді.

3 тарау. Жұмыстарды жүргізу үшін наряд-рұқсатты рәсімдеу

27. Наряд-рұқсат қауіптілігі жоғары жұмыстар жүргізу ұйғарылатын ұйымдарда рәсімделеді және тіркеледі (егер жұмыстар акт-рұқсатпен қабылданған объектілерде жүргізілсе).

28. Наряд-рұқсатта түзету мен тазартып, өшіру рұқсат етілмейді, наряд-рұқсаттың барлық бағаналарын толтыру жолма жол мәтінінің мазмұнына с ә й к е с ж ү р г і з і л е д і .

29. Наряд-рұқсат берілген жұмыс көлемін орындау үшін қажет мерзімге беріледі. Егер наряд-рұқсатпен көзделген қауіпсіздік шарттары өзгертілмесе, наряд-рұқсаттың күші осы мерзім ішінде сақталады.

30. Бір объектіде бірнеше ұйымдар бір уақытта жұмыс жасағанда наряд-рұқсатты рәсімдеудің алдында тапсырыс беруші-ұйым мердігерлік

ұйымдармен бірлесіп еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар әзірлейді және оларды әр ұйымның жұмыс жүргізушісіне берілетін наряд-рұқсаттың N 1 қосымшасының 44 және 10-тармақтарына енгізеді.

31. Темір жол, автомобиль жолдары, электр желілері, газ бен жылу құбырлары және жұмыс істеп тұрған басқа да ашық (жасырын) коммуникациялар мен технологиялар маңында жүргізілетін жұмыстар, сондай-ақ барлық жер қазу жұмыстары алдын ала наряд-рұқсат беретін адам мен осы объектілерге қызмет көрсететін ұйымдармен келісілуі тиіс. Тиісті құжаттар (тәсімдер, коммуникациялар және т.б.) қажеттілігіне қарай наряд-рұқсатқа қосымша т і р к е л у г е т и і с .

32. Жұмыс басталмай тұрып наряд-рұқсатқа: наряд-рұқсат беретін адамдар; наряд-рұқсатта көрсетілген еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындаушылар; наряд-рұқсат келісілген адамдар; 1 және 3 тармақтарға сәйкес тағайындалған жауапты адамдар, жұмысқа жіберушілер мен жұмыс жүргізушілер қол қоюға тиіс.

33. Бригаданы жұмысқа жібергенде, жұмысқа жіберуші наряд-рұқсатты жұмыс жүргізушіге тапсырады.

34. Жұмыс жүргізуші сменаны қабылдаған кезде сменшідан жұмысты наряд-рұқсатпен бірге қабылдауға, өндіріс жағдайларын өздері тексеруге, наряд-рұқсатқа жұмыстың ұзартылуы туралы белгі қоюға және жұмысқа жіберушінің рұқсатын алғаннан кейін жұмысқа кірісуге міндетті.

35. Жұмысқа жіберуші жұмысты тоқтатуға, наряд-рұқсатты алып қоюға, оны жаңадан рәсімдеуге және жұмысқа қайта рұқсат беруге міндетті, егер осы наряд-рұқсат бойынша жұмыс аяқталғанға дейін:
- а п а т т ы қ ж а ғ д а й т у с а ;

- жұмыс жүргізу нақты жағдайларының наряд-рұқсатпен өздігінен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі белгілі болса;

- өнеркәсіп қызметкерлерінің жарақаттануына апарып соғатын апаттық жағдай тууына әкелуі мүмкін объектілер жұмыс жүргізген кезде;

- жұмыс істеп тұрған жабдықтардың немесе энергетикалық коммуникациялардың бір бөлігін болса да жұмыс жүргізу аймағына (агрегатқа, жүйеге) қосу қажет болғанда.

36. Наряд-рұқсат жоғалып қалған ретте жұмыс тоқтатылуға тиіс. Жұмыстарды жалғастыру үшін жаңа наряд-рұқсат рәсімделуі және жұмысқа жаңадан рұқсат берілуі тиіс.

37. Наряд-рұқсат бойынша жұмыстарды уақытша тоқтату қажет болғанда, жұмысқа жіберушінің нұсқауымен, жұмыс жүргізуші қызметкерлерді жұмыс орнынан шығарады да наряд-рұқсатты жіберушіге қайтарады.

Жұмыстардың қайта басталуы жіберушінің рұқсатымен наряд-рұқсат

бойынша жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық бастапқы шаралар тексерілгеннен кейін және наряд-рұқсатты жұмыс жүргізушіге қайтарғаннан кейін жүргізіледі.

38. Өндіріс жағдайлары бойынша бір сменаның ұзақтығынан артық мерзімге жұмыс тоқтатылса, наряд-рұқсат жұмыс жүргізушіде қалады.

Жұмыста бір сменадан артық үзіліс болса наряд-рұқсатта ескертілген қауіпсіздік шарттарының өзгермейтіндігін жұмысқа жіберуші мен жұмыс жүргізуші тексергеннен кейін наряд-рұқсатты ұзартуға рұқсат беріледі.

39. Наряд-рұқсаттың жабылуы жұмысқа жіберуші мен жұмыс жүргізушінің қол қоюымен рәсімделеді. Жұмысқа жіберуші наряд-рұқсатты жұмыс жүргізушіден алған уақыты туралы белгі соғады және оның сақталуын қамтамасыз етеді.

Жұмысқа жіберуші жоқ болса, наряд-рұқсатты жұмыс жүргізуші мен смена (учаскенің) бастығы, мастер жабады да қолдарын қояды.

40. Ұйымның (учаскенің) басшылығының наряд-рұқсат бойынша жұмыстан кейін жұмыс жүргізуші жабық наряд-рұқсатты қайтарғанға дейін жабдықтарды іске қосуға құқығы жоқ.

1 Қ о с ы м ш а
Н Д - 1 н ы с а н ы
Б е к і т е м і н
Техникалық директор (бас инженер)

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)
Ф.А.Ә.

" ____ " _____ 199__ ж.

Ұйым, учаске, цех _____

Н а р ы д - р ұ қ с а т N ____

аса қауіпті жұмысты орындауға

1. Жұмыс жүргізуші _____

(Ф.А.Ә., ұйым, учаске, цех, лауазым

2. Орындауға жіберіледі _____

(жұмыс орны, жабдықтардың атауы, жұмыс көлемінің

қысқа мазмұны)

3. Жұмысқа жіберуші(лер) _____

(Ф . А . Ә . , лауазымы)

4. Жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар:

4.1 Тоқтату _____
(тоқтау орны, жағдайы)

4.2 Үзіп тастау _____
(рубильник, ысырма, магистраль және т.б.)

4.3 Орнату _____
(тұйық, бұқтырма, дабыл шамдары және т.б.)

4.4. Ауа ортасын талдау үшін сынама алу _____
(орындар мен талдау нәтижесін, газдану тобын көрсету)

4.5. Қоршау жасау _____
(жұмыстар аймағын, плакаттарды ілу)

4.6. Биіктікте және құдықтарда жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын қарастыру _____
(ағаштар, сақтандыру белдігі, жіптер, т.б.)

4.7. Ескерту _____
(көрші крандар мен шектес аралықтағы крандар

_____ машинистерін вахтадағы журналға қолдарын қойғызып)

4.8. Теміржол жолдарының маңында қауіпсіздік шараларын қарастыру

_____ (белгілер, плакаттар, қоршаулар, тұйықтар, т.б. орнату)

4.9. Жұмыс орнына бару маршруттарын көрсету _____

_____ (қажет болса тәсілдерін қоса беру)

4.10. Қосымша шаралар _____

5. Наряд-рұқсатты берген _____
(аты-жөні, лауазымы, қол қойған күні)

6. Шараларды орындады _____
(шара нөмірі аты-жөні, лауазымы қол қойған күні)

7. Келісілді _____
(смена (телім) бастығы, аты-жөні, қойылған қолы)

7.1. _____
(лауазымы, тегі, қол қойған күні)

8. Шаралар орындалды, жұмыстардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді, жұмыс өндірушіні еңбек жағдайлармен таныстырдым және нұсқау бердім, жұмысқа кіруге рұқсат етемін-жұмысқа жіберуші _____

(лауазымы, аты-жөні, қол қойылған күні)

9. Жұмыс жағдайлармен таныстым және нұсқау алдым, дайындықты тексердім, жұмыс орнын қабылдадым-жұмыс өндіруші _____

(лауазымы, аты-жөні, қол қойылған күні, уақыты)

10. Бригада құрамы және нұсқаулық өткені туралы белгі

NN n/n	Жұмыс жүргізу-дің күні мен уақыты	Бригада мүшелері	Кәсібі	Жұмыстың жағ. дайлармен та. ныстым, нұсқау алдым (қойыл. ған қолы)	Нұсқаул. өткіздім (лауазы. мы, Ф.А. Ә., қойыл. ған қолы)
-----------	-----------------------------------	------------------	--------	--	---

Саны _____ адам бригадаға(ларға) нұсқаулық бердім, жұмысқа кірістім

(күні, уақыты)

Жұмыстарды өндіруші _____

(аты-жөні, қойылған қолы)

11. Наряд-рұқсатты ұзарту

Күні, уақыты	Жағдай өзгерген жоқ сменаны тапсырдым жұмыстарды өндіруші	Жұмысқа кіретін бригаданың сандық құрамы	Жұмыс жағдайлары мен таныс. тым, сменаны былдадым жұмысты өндіруші	Жұмысқа кіруге рұқсат етемін, сме. қа. надағы жұмысқа жіберуші
-----------------	---	--	--	--

Ф.А.Ә.Қолы

Ф.А.Ә.Қолы

Ф.А.Ә.Қолы

12. Жұмыс аяқталды _____ жұмыс орны
(кү н і , у а қ ы т ы)

жиналды, қызметшілер жұмыс өндіру орнынан шығарылды.

Наряд-рұқсатты тапсырған _____

(лауазымы, аты-жөні, жұмыс жүргізушінің

қ о й ғ а н қ о л ы)

Наряд-рұқсатты қабылдаған _____
(лауазымы, тегі, жұмысқа жіберушінің

қойған қолы)

2 қосымша
АД-1 нысаны

А к т - р ұ қ с а т
жұмыс істеп тұрған ұйымның кәсіпорынның
аумағында жұмыс өндіру үшін
" ____ " _____ 199__ ж.

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

Біз, төменде қол қойғандар, цехтың учаскенің бастығы _____

(Ф . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

төмендегі туралы осы актіні жасадық:
Ұйым, координаталармен шектелген, учаске бөліп береді: _____

(белгілердің, осьтардың атауы, және чертеждардың N)
онда өндіру үшін _____

(жұмыстардың атауы)

техникалық қызметшілердің мердігердің өкілінің басшылығымен
келесі мерзімге: басталуы " ____ " _____ аяқталуы
" ____ " _____

Жұмыс басталмай тұрып, жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін
қамтамасыз ететін келесі шараларды орындау қажет:

N р.с. Шаралардың Орындау Орындаушы
атауы мерзімі _____

Ф . А . Ә . ,
л а у а з ы м ы

Цехтың (учаскенің) бастығы _____ (қойылған қолы)

Мердігердің жауапты өкілі _____ (қойылған қолы)

Ескерту: Осы акт-рұқсаттың мерзімі біткеннен кейін жұмыстар
жүргізу қажеттілігі болса жаңа мерзімге басқа акт-рұқсат жасау керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК